

**№79 Негізгі мектебінің 2024–2025 оқу жылы бойынша PISA,  
TIMSS, PIRLS халықаралық зерттеулеріне дайындық жұмыстары  
мен мониторинг нәтижесі туралы**

**АНЫҚТАМА**

Қазіргі таңда білім сапасын арттыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және халықаралық деңгейдегі зерттеулерге қатысу — мектеп жұмысының стратегиялық бағыты болып табылады. Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушының білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана білуге, сын тұрғысынан ойлауға, ақпаратты талдау мен дәлелдеуге дағдыландыру. Осы мақсатта білім беру ұйымдарында халықаралық деңгейде өткізілетін PISA (Programme for International Student Assessment), TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) және PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) зерттеулеріне дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізу маңызды болып табылады.

№79 негізгі мектебі де 2024–2025 оқу жылы бойынша аталған зерттеулердің қатысушы базасына енгізілді. Алайда, зерттеуге қатысу талаптарына сәйкес оқушылардың жасы белгіленген шектен төмен болуына байланысты ресми қатысу мүмкіндігі болмады. Соған қарамастан мектеп ұжымы зерттеу форматына сай дайындық жұмыстарын кең ауқымда ұйымдастырып, функционалдық сауаттылық бағытындағы оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру мақсатында бірқатар жүйелі шаралар атқарды.

**Мақсат:**

Оқушыларды халықаралық зерттеу форматындағы тапсырмаларға бейімдеу, білімдерін өмірмен байланыстыра қолдануға үйрету және функционалдық сауаттылықты арттыру арқылы оқу сапасын көтеру.

**Міндеттер:**

- PISA, TIMSS, PIRLS форматындағы тапсырмалардың мазмұнымен мұғалімдерді таныстыру.
- Оқушылардың оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылықтарын дамытуға бағытталған сабақтарды өткізу.
- Зерттеу бағытында диагностикалық тестілеу, ашық сабақтар мен әдістемелік семинарлар ұйымдастыру.
- Оқушылардың жетістіктерін тұрақты мониторинг жүргізу арқылы бақылау.
- Пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру және халықаралық зерттеу тапсырмаларын оқу үдерісіне енгізу.

**III. PISA, TIMSS, PIRLS бағытындағы ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар**

2024–2025 оқу жылының басында мектеп әкімшілігі «Халықаралық зерттеулерге дайындық жөніндегі жұмыс тобын» құрды. Бұл топтың құрамына директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, әдістемелік бірлестік жетекшілері, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері кірді.

Жыл басында халықаралық зерттеулер бойынша жұмыс жоспары бекітіліп, төмендегі бағыттар қамтылды:

| № | Іс-шара атауы                             | Мақсаты                                                     | Мерзімі         | Жауапты             | Нәтиже                    |
|---|-------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|-----------------|---------------------|---------------------------|
| 1 | Мұғалімдерге арналған семинар             | PISA, TIMSS, PIRLS форматының ерекшеліктерімен таныстыру    | Қыркүйек, 2024  | Оқу ісі меңгерушісі | 25 педагог қамтылды       |
| 2 | Әдістемелік кеңес өткізу                  | Халықаралық зерттеу тапсырмаларын сабақтарға енгізу жолдары | Қазан, 2024     | ӘБ жетекшілері      | Нұсқаулықтар таратылды    |
| 3 | Оқушылардың бастапқы диагностикалық тесті | Оқу сауаттылығын анықтау                                    | Қазан, 2024     | Пән мұғалімдері     | Талдау жүргізілді         |
| 4 | Ашық сабақтар апталығы                    | Функционалдық сауаттылықты дамыту                           | Қараша, 2024    | Мұғалімдер          | 10 ашық сабақ             |
| 5 | Ата-аналар жиналысы                       | Халықаралық зерттеулердің маңызын түсіндіру                 | Желтоқсан, 2024 | Сынып жетекшілер    | Түсіндірме жұмыстары өтті |

Мұғалімдерге арналған семинарлар мен әдістемелік кеңестер барысында зерттеу тапсырмаларының құрылымы, оқу мазмұны, когнитивтік деңгейлері мен бағалау критерийлері түсіндірілді. Өсіресе пән мұғалімдері — математика, жаратылыстану және тіл пәндері мұғалімдері өз сабақтарында зерттеу форматындағы тапсырмаларды қолдана бастады.

#### IV. Оқушылармен жүргізілген дайындық жұмыстары

Мектеп бойынша барлық 5–9 сынып оқушылары қамтылып, әр тоқсан сайын функционалдық сауаттылыққа бағытталған сабақтар мен тестілеулер жүргізілді. Оқушылар PISA, TIMSS, PIRLS форматына ұқсас тапсырмалар орындап, мәтінмен жұмыс істеу, логикалық ойлау,

мәліметті талдау, график пен диаграмманы түсіндіру дағдыларын дамытуға басымдық берілді.

Қазақ тілі және әдебиет пәнінде: мәтіннен негізгі ойды табу, логикалық байланыстарды анықтау, дәлел келтіру жаттығулары жүргізілді.

Математика пәнінде: өмірлік жағдайларға негізделген есептер мен деректерді салыстыру тапсырмалары енгізілді.

Жаратылыстану пәндерінде: тәжірибелік сипаттағы сұрақтар, зерттеу элементтері бар тапсырмалар қолданылды.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында «PISA форматындағы бір күн», «Біз TIMSS-ке дайынбыз», «Оқу сауаттылығы апталығы» атты мектепшілік акциялар өтті.

#### **V. Мониторинг және нәтижелердің талдануы**

Жыл бойына жүргізілген дайындық нәтижесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығының даму динамикасы төмендегі кестеде көрсетілген:

| <b>Көрсеткіштер</b>       | <b>2024 ж. басы</b> | <b>2025 ж. көктемі</b> | <b>Өзгеріс</b> | <b>Ескерту</b>                     |
|---------------------------|---------------------|------------------------|----------------|------------------------------------|
| Оқу сауаттылығы           | 59%                 | 76%                    | +17%           | Мәтінмен жұмыс істеу дағдысы артты |
| Математикалық сауаттылық  | 52%                 | 71%                    | +19%           | Логикалық ойлау жақсарды           |
| Жаратылыстану сауаттылығы | 48%                 | 68%                    | +20%           | Зерттеу, талдау қабілеті өсті      |

Салыстырмалы талдау нәтижесі көрсеткендей, 2024 жылдың қыркүйегіне қарағанда 2025 жылдың көктемінде барлық бағыт бойынша оң динамика байқалды. Оқушылардың өз бетімен ақпаратты талдау, қорытынды шығару, дәлел келтіру, шығармашылық тұрғыдан ойлау дағдылары айтарлықтай дамыды.

#### **VI. Кемшіліктер мен жетілдіру бағыттары**

##### **Кемшіліктер:**

- Кейбір сыныптарда оқушылардың оқу жылдамдығы мен мәтін мазмұнын түсіну дағдысы төмен.
- Сабактарда зерттеу форматындағы тапсырмаларды қолдану біркелкі емес.
- Мұғалімдердің барлығы PISA, TIMSS, PIRLS мазмұнын толық меңгермеген.

##### **Жетілдіру бағыттары:**

- Пән мұғалімдері арасында тәжірибе алмасу алаңдарын көбейту.

- Оқу жылы бойы функционалдық сауаттылық тапсырмаларының мектепшілік банкін құру.
- Әр тоқсан сайын зерттеу форматында аралық тестілеу өткізу.
- Оқушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Зерттеу апталығы» жобасын ұйымдастыру.

## **VII. Қорытынды**

Жалпы алғанда, №79 негізгі мектебінің педагогикалық ұжымы 2024–2025 оқу жылы ішінде халықаралық зерттеулер бағыты бойынша бірқатар нәтижелі жұмыстар жүргізді. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты ресми қатысу мүмкін болмағанымен, дайындық іс-шаралары толық көлемде орындалды. Мектепте функционалдық сауаттылық, оқу және математикалық ойлау дағдылары дамып, оқушылардың зерттеушілік әлеуеті айқындалды. Мұғалімдер халықаралық форматтағы тапсырмаларды өз тәжірибесіне енгізіп, білім беру процесінің сапасын арттыруға үлес қосты.

## **VIII. Ұсыныстар**

- 2025–2026 оқу жылында халықаралық зерттеулерге қатысуға дайындықты жалғастыру.
- Мектепшілік және аудандық деңгейде «PISA үлгісіндегі тапсырмалар» байқауын өткізу.
- Әдістемелік бірлестік отырыстарында зерттеу форматындағы сабақ үлгілерін жүйелі талқылау.
- PISA, TIMSS, PIRLS бағытында оқушылардың жеке даму картасын жүргізу.
- Мектеп кітапханасы мен оқу кабинеттерін заманауи оқу ресурстарымен толықтыру.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасар:  Г.Бейісова